

17.03

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы
 Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылы
 «Әйтеке би аудандық Білім Бөлімі» АҚ
 «Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі»
 коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№ _____
 « 19 » 09 20 18

**Ақтасты ауылы Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі
 Тәрбие жұмысы бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстарға
 анықтама**

Ақтасты еелесы Абай атындағы орта мектебінің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алу арқылы құрылды.

Тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

2017-2018 оқу жылында мектептегі оқу – тәрбие жұмысының бала тәрбиесі мен оның жан – жақты дамуына отбасы мен жанұяның, мектептің ынтымақтастығын арттыра отырып, ата – аналарға, оқушыларға оқу – тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізіндегі тәрбие жұмысын жүргізудің 9 бағытын негіздей отырып тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бағыт бойынша сынып сағаттары, конференциялар, тренингтер тағыда басқа шаралар өткізілді. Оқушылардың шығармашылығын таныстырып отыру мақсатында "Көркемсурет көрмесі" атты мектепішілік қабырға газеті айына бір рет жарық көрді. Жоғары дәрежеде өткен шаралар: «Адал ұрпақ» клубы ашылып мүшелері қабылданды, «Адал ұрпақ» бұрышы ұйымдастырылды. /2018жылғы 10 қаңтар/ Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын орындау мақсатында насихаттау жұмыстары, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылау жұмыстары жүргізілді. 2017-2018 оқу жылында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар бағытында біршама жұмыстар атқарылды. "Тәуелсіздіктің 26 жылдығы" тақырыбында ашық тәрбие сағаттар тартымды, мазмұнды басталды. 2016-2017 оқу жылы президент күні, сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру, «Ұлы Жеңіске-73 жыл» атаулы мерекесі бойынша –өткізілетін іс-шаралар, жұмыстар жүргізілді «Жеңіс күні-ұлы мереке» тақырыбы аясында класс сағаттарын, дөңгелек үстелдер т.б. Мектепішілік ата-аналар комитеті өз жоспарына сай жұмыс жасады.

Дегенмен оқушының қазіргі заманға бейімдеу, өз ойларын еркін жеткізуге, жаңа қоғамдағы әлеуметтік жаңару кезеңінде дүниетанымдық негіздерін қалыптасуына, жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетанымдық көзқарастарын арттыру тәрбиелік жұмысымызды күшейттіруді талап етуде.

Сондықтан 2018-2019 оқу жылында алдыға қойған мақсатымыз: тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу, оқушының танымдық белсенділігін арттыру. Балаларда және жастарда құқықтық сананы қалыптастыру, ақпараттар арқылы саяси ойлау қабілеттерін, өз ойларын сараптауды, жағдаяттарды бағалау, алған біліктерді өмір жағдаяттарында қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

Бағдарлама бір жылға 9 (тоғыз) бағытта тәрбие жүйесіне жоспарланған.

Мектептегі тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Рухани-адамгершілік тәрбие
(Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

ұлғаюына септігін тигізді. 9 мамыр Желіс күні мерекесіне орай, оқушыларды Ұлы Отан соғысында Қазақстандықтардың ерлік ісімен таныстыру мақсатында "Ұлы ерлікке тағзым" атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Сахна мерекеге сай безендірілді. Мектепте 15 мамыр күні «Білімді ұлт- білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» атты тақырыпта жалпы та-аналар жиналысы өткізілді. Ата аналар жиналысының мақсаты: ата аналарды мемлекеттік білім беру саясатының бағыттары, орта білім беру жүйесінің жетістіктері туралы хабардар ету және мектепті басқаруда педагогтар мен ата аналардың күш жігерлерін біріктіру. Жиналыста ата аналарға мектеп жетістіктері туралы, рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыруы жөнінде, оқу жылының қорытындысы туралы сөз болды. Сонымен қатар келесі оқу жылының бастап оқушылар бірыңғай мектеп формасына көшірілетін болды.

Жыл бойынша мектеп әкімшілігі мен ата-аналар, оқушылар тәрбиенің тоғыз бағыты бойынша жүргізілген іс-шараларға белсене ат салысып, ұйымдастырылған шаралардың жақсы деңгейде өтуіне өз үлестерін қоса білді деп айта аламын.

Ақтасты ЖОББ мектеп директоры м.а:  С.Г.Аяпова




Орындаған: Г.Ж.Омарова (тәрбие ісіннің меңгерушісі)

Ақтасты ауылы Абай атындағы орта мектеп

Ақтөбе облысының білім басқармасының 13.09.2017ж № 4-6115 хатын негізге ала отырып, Ақтөбе облысы аумағында өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша өрт қауіпсіздігі айлығы хабарламасына сәйкес мектепшілік өртке қарсы жасалған 10 күндіктен анықтама

16.09.2017ж. Өрт қауіпсіздігі бойынша мектептің 1-11 класс оқушыларымен лексеме өткізіліп, жоспар таныстырылды. «Өрт қауіпсіздігі – өмір қауіпсіздігі» тақырыбында баяндама оқылды.




18.09.2017ж. 1-11 класс жетекшілері оқушыларға «Өрт қауіпсіздігі мен техникалық қауіпсіздік ережелері» атты нұсқаулықпен таныстырып, таныскандары жөнінде нұсқаулыққа қол қойды.

19.09.2017ж. Ата-аналарға жиналыс өткізіліп, «Балаңыз отпен ойнамасын!» тақырыбында жадынама оқылып, таратылды. Сонымен қатар 1-4 класс оқушыларына бастауып класс жетекшілері «Өрт неден шығады?» тақырыбында интерактивті сабақ өткізді.

20.09.2017ж. 1-7 класс оқушылары арасында «Өрттен сақтан!» тақырыбында сурет, қабырға газеті көрмесі өткізілді. Оқушылар өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша өз ойларын

сурет арқылы көркем жеткізе білді.

21.09.2017ж. 5-8 класс оқушылары арасында «Қауіпсіздік шараларын білеміз бе?» тақырыбында викториналық ойын өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Омарова өткізген викториналық ойын оқушылардың қызығушылығын тудырып, әрі білімдерін одан әрі шыңдай түсті. Ойынға қатысқан 5-6 класс, 7 класс және 8 класс оқушылары топқа бөлініп, деңгейлік тапсырмалар берілді.




22.09.2017ж. АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгенов 10-11 класс оқушыларымен бірге мектептегі өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша машықтандыру жұмысын өткізді. Сабақ барысында «Назар аударыңыздар! Өрт дабылы!» атты қауіп-қатер сигналы берілді. Адамдар бірауыздан эвакуациялық шығу ережелерін сақтай отырып, ғимараттан шығарылды. 3 минут 47 секунд ішінде барлық мектеп қызметкерлері және оқушылары қауіпсіз аймақ - мектеп ауласында, белгіленген алаңда жиналды. Класс жетекшілер кластарын түгелдеді. Аңыз бойынша өрт ошағы екінші қабатта орналасқан зертханада болды. Өрт сөндіру бөлімі 101-ге қоңырау шалынып, тез арада мектепке өрт сөндіру



құралдарымен келген өрт сөндірушілер шартты түрде өрт ошағын сөндірді. Далада алғашқы медициналық жәрдем медпункт ашылып тұрды. Мектеп ішінде бірде-бір адамның қалып қоймағаны және де өрттің толық сөндірілгені жөнінде 10-11 сынып оқушыларынан құрылған өрт сөндірушілер тобы АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгеновке есеп тапсырды. Азаматтық қорғаныс штабының басшысы, мектеп директоры Е.Б.Такеевке азаматтық қорғаныс штабының маманы Г.С.Сутемгенов оқушылардың

**Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай «Соғыс ардагерлеріне тағзым» ретінде
2017-2018 оқу жылында өткізілген кросс туралы
Мәлімет**


9-мамыр күні «Соғыс ардагерлеріне тағзым» атты кросс сайысы өткізіліді. Оған оқушылар аралығында ер балалар және қыз балалар қатысты. Ерлер 2000м, ал қыздар 1000м жүгірді. Ерлер 20 оқушы қатысса, қыздар 15 оқушы қатысқан болатын. Сайыс төрешілері Сүтемгенов Г.С, Тулеуов А.К, Құлдықов Е.Е бірлестік отырысында бекітілді. Жүгіру барысында 1000 м қыздар аралығында 7-класс оқушысы Сағынбай Дильназ 4 минут 40 секундта 1-орын, 6-класс оқушысы Боратбай Ақтілек 5 минутта 2-орын, 7-класс оқушысы Боратбай Акерке 5 минут 15 секундта 3-орынмен жүгіріп келді. Қатысушылар арасында ең жас кросс жүгіруші Болатқызы Сара 2-класс оқушысы.



Ал ерлер арасында 2000м қашықтыққа жүгіруден 9-класс оқушысы Тлеужан Тілепберген 8 минут 30 секундта 1-орын, 11-класс оқушысы Сәндібекұлы Данияр 9 минут 10 секундта 2-орын, 9-класс оқушысы Ерімбаев Сағындық 10 минутта 3-орын иеленді. Ерлер арасында ең жас жүгіруші Аип Арман 3-класс оқушысы.



Жүгіру сәтінен



Жалпы қортынды

Қыз балалар арасында 1000 м жүгіру

1-орын: Сағынбай Дильназ 7-класс

2-орын: Боратбай Ақтілек 6-класс

3-орын: Боратбай Ақерке 7-класс

Ер балалар арасында 2000 м жүгіру

1-орын: Тлеужан Тілепберген 9-класс

2-орын: Сәндібекұлы Данияр 11-класс

3-орын: Ерімбаев Сағындық 9-класс

Орындаған: Құлдықов Е.Е

**Ақтасты ауылы Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Мемлекетіміздің латын әліпбиіне көшу саясатын қолдау мақсатында
мектепшілік іс-шара жоспары аясында жасалған жұмыстар
анықтамасы**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті.

Латын әліпбиін көпшілікке насихаттау мақсатында, әрі мемлекетіміздің саясатын қолдау аясында мектепшілік жоспар құрылып, жыл бойына төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Қазан айында тарих пәнінің мұғалімдері А.Султанова мен Г.Жылқайдарова «Латын әліпбиінің шығу тарихы» атты 1-11 сынып оқушыларын ақпараттандыру мақсатында, слайдты презентация арқылы мағлұматтар беріп өтті. Салайд арқылы ұлт зиялыларының құрған латын әліпбиі таныстырылып, латын әліпбиінің әлемдегі қолданылу аясы туралы айтылды. Сонымен бірге Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның болашағы үшін қазақ тілін жаңғыртуда 2025 жылы латын әліпбиіне түгел көшу саясаты туралы таныстырылып, латын әліпбиіне бізден бұрын көшкен көрші елдер туралы айтылып өтті.

Латын графикасына өткізетін кириллі әліпбиі

№	Жазылуы	Дыбыстары	№	Жазылуы	Дыбыстары
1	А а	[a]	17	Ŋ ŋ	[ŋ]
2	А а	[ɑ]	18	О о	[o]
3	В в	[b]	19	О о	[o]
4	Д д	[d]	20	Р р	[r]
5	Е е	[e]	21	Q q	[k]
6	Ғ ғ	[ɣ]	22	Ғ ғ	[ɣ]
7	Г г	[g]	23	С с	[s]
8	Ғ ғ	[ɣ]	24	Т т	[t]
9	Һ һ	[x], [h]	25	U u	[y]
10	І і	[i]	26	U u	[y]
11	І і	[ɨ], [ɪ]	27	V v	[v]
12	Җ җ	[ʒ]	28	Y y	[y]
13	К к	[k]	29	Y y	[y]
14	Л л	[l]	30	Z z	[z]
15	М м	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	Н н	[n]	32	Ch ch	[tʃ]




Қараша айында мектеп әкімшілігі жанында «Латын әліпбиінің маңызы» тақырыбында кезектен тыс жиналыс өткізіліп, пән мұғалімдерімен бірге латын әліпбиінің маңызы талқылынып, баяндама оқылды. Ұлтымыздың басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін білеміз. Олар: біріншіден—араб әліпбиі (1929 ж. дейін), екінші—латын әліпбиі(1929-1940 жж.), үшіншісі—кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз). Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Барлық пән мұғалімдері Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу туралы саясатын бір ауыздан қолдайтындарын айтып, өз пікірлерін білдірді.



Желтоқсан айында гуманитарлық пәндер бірлестігі «Латын әліпбиіне көшу заман талабы» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында пікірсайыс өткізді. Оқушылар латын әліпбиіне көшудің қазіргі заманға сай қолданылуы мен тіліміздегі өзгерістер туралы, әлемдегі озық елдердің саясаты туралы деректерге шолу жасап, пікір таластырды.




Наурыз айында бастауыш пәндерінің бірлестігі бастауыш сынып оқушыларымен «Біз жаһандану әлемінде латын әліпбиін қолдаймыз!» тақырыбында флеш-моб ұйымдастырды.




Сәуір айында эстетикалық пәндер бірлестігі «Латын әліпбиінде оқушы құзыреттілігін арттыру» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына ақпараттық сабақ өткізді. Сабақ барысында латын әліпбиінің қоғамдағы ролі мен маңызы, әлемдік жаһандануда алатын ролі туралы айтылып өтті. Эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Тұлеуов «Латын әліпбиінде оқушы құзыреттілігін арттыру» атты баяндама оқыды. Баяндама арқылы оқушыларға сұрақтар қойылып, тапсырмалар берілді. Оқушылар берілген мәтіндер бойынша латын әліпбиінің сабақта қолданылуының маңызын талқылады.



Қаңтар айында бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 сынып оқушыларына «Бастауыш сыныпта латын әліпбиін үйретудің жолдары» тақырыбында интерактивті сабақ өткізді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет» деген еді. Осыған сай интерактивті сабақ оқушыларға қызықты, суретті, ойын арқылы ұйымдастырылды.



Ақпан айында жаратылыстану-математикалық бірлестігі «Жаратылыстану пәндеріне латын әліпбиін кіріктіру» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына таным сабақ ұйымдастырып, өткізді. Таным сабақта химия, биология, физика сабақтарында қолданылатын терминдердің маңызы, сонымен бірге олардың алатын орны туралы мәлімет беріле отырып, оқушыларға қосымша тапсырмалар беру арқылы, пәндер бойынша білімдерін шыңдады. Оқушылар сабаққа белсенді түрде қызығушылықпен қатысты.



Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Осы мақсатта латын әліпбиі бұрышы жасалып, ата-аналар жиналысында да латын әліпбиін насихаттау одан әрі жалғасын тапты.



«Өзіңнен баста» атты латын әліпбиін ата-ана жиналысында насихаттау.

Елбасымыз биылғы Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты. *«Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын».* *«Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай тудызады»* - деген болатын.




Латын әліпбиін насихаттау мақсатында жасалған бұрыш

Қорыта айтқанда әліпби ауыстыру, бұл – ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. Сондықтан осындай мемлекеттік маңызы бар іске үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

ДТДЖО:  А.А.Султанова

Абай атындағы орта мектебінде Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған
«Ақылды сауал» атты сайыстан мәлімет

Абай атындағы орта мұғалімдерге арналған «Ақылды сауал» атты сайыс ойыны өткізілді. Аталған семинар 5 кезеңнен құрылып, жоспарланды. 1 кезең «Қызығушылықты ояту» деп аталып, қатысушыларға сурет ұсынылды. Ұсынылған сурет бойынша елімізге қатысты әнді тауып алу тапсырылып, жасырылған ән – «Әнұран» болып, барлығы бірге орындалды.




2 кезең «Сұрақ менен, жауап сізден» деп аталып, Тәуелсіздікке, жалпы Еліміздің тарихынан 100 сұрақ ұсынылып, қатысушылардың ел тарихын жақсы деңгейде білігіндігі анықталды.

3 кезең «Баспалдақ» деп аталды. Аталған кезең бойынша қатысушылар топқа бөлініп, әр топқа баспалдақ тәрізді қағаздар ұсынылып, Тәуелсіздікке байланысты 12 термин жазылып, тапсырма толық орындалды.



4 кезең «Шежірелі жылдар» деп аталып, топтарға хронологиялық кесте ұсынылды. Әр топ қатысушылары 1991-2016 жылдар аралығында есте қалған маңызды даталарды жазып тапсырды.



5 кезең «Тәуелсіздікке тілек» деп аталды, әр топ ұсынылған плакатқа Тәуелсі Елімізге арнап өз жүрекжарды тілектері мен сурет бейнесіндегі «Болашақ Қазақстан» атты постер бейнеледі.

Тәрбие ісінің орынбасары:  А.А.Сұлтанова

Ақтасты ауылы Абай атындағы орта мектеп
9-желтоқсан – Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне
арналған іс-шаралар анықтамасы

9-желтоқсан – Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған мектепшілік іс шаралар жоспары 4-желтоқсан күні құрылып, бекітілді.

5-желтоқсан күні 4-5 класс оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты балалар көзімен сурет шығармашылығы өткізілді.



6-желтоқсан күні 8-11 сынып оқушыларымен «Біздің таңдауымыз-заңды мемлекет» тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

7-желтоқсан күні 7-11 класс оқушыларына мектеп психологы А.Узақбаева «Жемқорлықсыз қоғамды қалаймыз!» атты психологиялық тренинг өткізді.



8-желтоқсан күні бастауыш пән мұғалімдері 1-4 класс оқушыларын ұйымдастырып, «Жемқорлық дегеніміз не» тақырыбына интерактивті сабақ жүргізді.

9-желтоқсан күні мұғалімдер ұжымымен «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, бүгінгі қоғамдағы жемқорлықтың алдын алу бойынша мәселелер талқыланды.

ДТІЖО:  А.А.Султанова

17-18 жж

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
1-12 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні және «Нұрлы болашақ»
бүкілқазақстандық акция шеңберінде өткізілетін
«Бала еңбегін қанауға қарсы-12 күн» науқанын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
іс –шаралар туралы анықтама


1-маусым күні «Бала еңбегін қанауға қарсы - 12 күн» тақырыбында іс-шара жоспары құрылып, «Біз – бақытты баламыз» атты 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

2-маусым күні лагерь басшылары А.Кожажулова, М.Ибрагимова бала еңбегінің ең нашар түрлері проблемалары және балаларды сатуды алдын алу бойынша плакаттар үндеухаттар тарату жұмыстарын жүргізді, сонымен бірге «Әлемдегі бала еңбегінің ең нашар түрлері» туралы және алдын алу бойынша А.Султанова баяндама дайындады.



Интернет ресурсы арқылы республикалық және облыстық телеарналардан отбасылық құндылықтарды және бақытты балалық шақты насихаттайтын позитивті бейне роликтер көрсету бойынша 5-маусым мен 12-маусым аралығында лагерь оқушыларына жұмыстар жүргізілді.

Сонымен бірге әр аптаның сенбі, жексенбісі күні «Түнгі көше» рейдін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау үшін, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты, қараусыздық пен панасыздықты болдырмау және алдын



алу, білім алудан бас тартатын балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару үшін жедел шаралар қабылдау мақсатында «Түнгі көше» рейді өткізілуде. Іс - шара барысында мектеп әкімшілігі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» «Көше» атты кешкі рейд жұмыстары жүріп жатқандығын мәлімдеді. Оқушыларға кешкі сағат 23.00 ден кейін үлкендерсіз жүруге тыйым салынатыны туралы түсіндірді. Рейдтік іс - шараларға, мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері қатысты. Рейд жүргізілу барысында ересектерсіз түнгі уақытта үйінен тыс жерлерде жүрген балалар, сағат түнгі 23.00-ден таңғы 06-ға дейін көшелерде оқушылар кездескен жоқ.

Құқық бұзушылықтың алдын - алу және жұмысты жандандыру мақсатында өмірдің қиын жағдайына ұшыраған балалар мен отбасыларға мектепте «Сенім жәшігі» орнатылған сонымен бірге «Сенім телефоны» жұмыс жасайды.




Білім беру мекемесінде бала еңбегін жою мәселесі жөнінде әдістемелік, нормативтік құқық әдебиеттерінің көрмесін ұйымдастыру бойынша кітапханашы В.Сутемгенова кітапханада кітаптан көрме бұрышын жасақтады.

7-маусым күні лагерь оқушыларымен «Бақытты бала – ол...» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде оқушылар бақытты бала образын талқылап, соңында топтастыру жұмыс жүргізді.



Мектеп психологы А.Узақбаева «Адамдар саудасын,балаларды жыныстық еңбек қанауына тартудың алдын алу» бойынша оқушылар мен ата-аналар және педагогтар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді .

9-маусым күні «Бала еңбегі тоқтатылсын!» тақырыбында оқушылармен флэшмоб өткізілді. Оқушылар флэшмоб арқылы өздерінің бақытты елдің дені сау ұрпағы екендерін сезініп, бойларына адами, достық, құндылықтарын қалыптастырды.



11-маусым күні «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында оқушыларға сурет байқауы өткізілді. Оқушылар асфальтке түрлі түсті бояулармен, өз қиялдарына жүйрік беріп, әдімі суреттер салды. Қорытынды бойынша 1 орынды Болатқызы Сара 2 класс, 2 орынды Марат Ару 2 класс, 3 орында Білшан Карина 4 класс иеленді. Жарысқа белсене қатысқан оқушыларға алғыс хаттар берілді.

ДТІЖО:

А.А.Султанова

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы «Ақтасты ауылы»
«Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ
«Ақтасты жалпы орта білім беретін
мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақтасты селосы Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі
Мемлекеттік қосымша бағдарламалардың оқытуы

№ _____
« 19 » 09 Мемлекеттік қосымша бағдарламалардың оқыту барысы жыл басында журналдарының беттеріне толтырылу тәртібі мен оқытылу сағаттары туралы түсіндіруден басталды.

Жол ережесіне байланысты жасалған жұмыстар туралы. Жыл сайын оқу жылының басында жол қозғалысы мәселесіне аса көңіл бөлініп, балалардың жол қозғалысындағы келенсіз оқиғадан сақ болуына бірден бір көмегі тиеді. Сонымен қатар бейнелеу пәні мұғалімі Е.Құлдықов 5-6 сыныптар арасында сурет көрмесін ұйымдастырды. Бастауыш сынып бөлмелерінде жол қозғалысындағы келесіздіктің алдын алу мақсатында жол ережесі бұрыштары толықтай жасақталды. Жол қозғалысы туралы 1-8 сыныптар арасында сынып сағаттар, түсінік жұмыстары жүргізілді. Осы аталған сыныптарда жол ережесі сабағы өткізіліп отырады. Сонымен қоса Әйтеке би АІБӨПБ ЮПБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Д.Н.Кемелтаев, Әйтеке би АІБ-нің КТП жедел уәкілі полиция капитаны Қ.Жанаев және Әйтеке би АІБ ӘПБ УПИ полиция лейтенанты А.Наурызов оқушыларға «Жол қауіпсіздігі» туралы дәріс оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Өрттен сақтандыру ережесі бойынша кластарды класс жетекшілер жыл басында қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Төтенше және өрт қауіпсіздігі жоспары бойынша оқушылардан жас өрт сөндірушілер дружинасы құрылып, машықтандыру жұмысы жүргізілді. Өрттен сақтану, алғашқы көмек, мектептегі техникалық қауіпсіздік және өртті болдырмау туралы тәрбие сағатының басында айтылып өтеді.

ЖҚТБ және оның алдын алу мәселелері бойынша 5-11 класс оқушылары әр тәрбие сағатына бөлінген сағатына сәйкес ақпарат алып отырады. ЖҚТБ дертінің таралу жолдары туралы мектеп медбикесі Ж.Жұмағалиева 8-11 класс оқушыларымен кездесу өткізіп, жасөспірімдер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, оларға нақты жауаптар берілді. Мектеп психологі А.Ұзақбаева «Өзінді ЖҚТБ дан қорғай біл!» тренинг сабақтарын 10-11 сыныптармен өткізді.

Рухани жыныстық тәрбиеге байланысты жыл басында мектеп медбикесі Ж.Жұмағалиева жеке бастың гигиенасы туралы ақпараттар беріп өтті. «Баланың мінез құлқындағы қауіпсіздік» тақырыбында 7-8 класс оқушыларына психологы А.Ұзақбаева баяндама оқып, тренинг өткізді. мектеп медбикесі Ж.Жұмағалиева 8-11 класс қыз балаларына «жыныстық-қарым-қатынастың ерте басталуы» тақырыбында дәріс оқып, жүктіліктің алдын алу туралы мағлұматтар берді.

Зиянды заттарды қолданудың алдын алу бойынша бастауыш класс мұғалімдері «Зиянды заттар» тақырыбында 2-4 оқушылар арасында сурет байқауын ұйымдастырды. Оқушылар зиянды заттар туралы өздерінің ой-киядарын қағаз бетіне түсіріп, сурет шеберліктерін көрсетті. «Стресс және оны жеңу жолдары» тақырыбында психологиялық дәріс оқылып, оқушылар өздеріне қажетті ақпараттармен қамтылды.

Құқықтық ақпараттандыру 5-7 кластарда «Құқық бұзушылықтың түрлері» тақырыбында құқық бұзушылықтың зияндылығы және қоғамға тигізер қауіпсіздігін көрсету, заңдық жауапкершілік туралы түсінік беріліп, 8-9 кластарда «Балалардың құқығын қорғау» атты дәріс оқылды. Балалар конвенциясымен таныстырылды.

Өмір қауіпсіздік негіздері бастауыш кластарда дүниетану пәнімен кіріктірілсе, орта буындарда дене шынықтыру пәнімен оқытылады, 10-11 кластарда алғашқы әскери пәнімен кіріктіріліп оқытылып келеді.

Мемлекеттік қосымша бағдарламалар тәрбие сағатымен бірге сыныптан тыс сағаттарда да өтіп тұрады. Қосымша бағдарламаларды оқыту класс жетекшілермен бірге мектеп психологі мен медбикесінің және де құқық пәнінің мұғалімдерінің қатысуымен де ұйымдастырылған.

Ақтасты ЖОББ мектеп директоры у.м.а:  С.Г.Аяпова



Орындаған: Г.Ж.Омарова (тәрбие ісін орындағандары)

18-19ж

№ 2

«03» 01 2018ж

Ақтасты ауылы Абай атындағы орта мектеп Тәрбие жұмысы бойынша жасалған жұмыстарға бірінші жартыжылдық бойынша анықтама

Абай атындағы орта мектебі бойынша оқу жылының басында тәрбие жұмысының 9 бағыт бойынша жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Әр дүйсенбі сайын апта басында әнұран орындалып, жиында оқушылардың сабаққа қатысымы мен тәртібі туралы айтылып отырады.

Жастардың азаматтық, патриоттық сезімін қалыптастырып, қоғам өмірінің түрлі саласында белсенді танылуға дайындығын, конституциялық және әскери борышқа адалдық жауапкершілік және тәртіптілікті дамыту мақсатында **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша** қыркүйек айында алғашқы қоңырау «Білім күні» мерекесі, «Мен өз елімнің патриотымын» тәрбие сағаттары, ҚР рәміздерін оқып үйрену үшін «Ел рәміздері - мақтанышым» атты тәрбие сағаты, қазан айында «Ұстазым бар сенің қасиетің», қараша айында «Мемлекеттік нышандар және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» тақырыбын негізге ала отырып жас мамандар арасында байқау, желтоқсанда «Тәу етер, Тәуелсіздігіміз!» мерекелік бағдарламасы өткізілді.



Құқықбұзушыларға қарсы күресте бірлесе жұмыс жасау мақсатында **Құқықтық тәрбие бағыты бойынша** қыркүйек айында мектеп оқушыларының техникалық қауіпсіздігін сақтау үшін техникалық қауіпсіздік ережесімен танысып, нұсқаулыққа қолдарын қойды. Сонымен бірге қазан айында өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша 10 күндік ұйымдастырылып, ата-аналар мен оқушылар жұмылдырылды. АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгенов 10-11 класс оқушыларымен бірге мектептегі өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша машықтандыру жұмысын өткізді. Сабақ барысында «Назар аударыңыздар! Өрт дабылы!» атты қауіп-қатер сигналы берілді. Адамдар бірауыздан эвакуациялық шығу ережелерін сақтай отырып, ғимараттан шығарылды. 3 минут 47 секунд ішінде барлық мектеп қызметкерлері және оқушылары қауіпсіз аймақ – мектеп ауласында, белгіленген алаңда жиналды. Класс жетекшілер кластарын түгелдеді. Аңыз бойынша өрт ошағы екінші



қабатта орналасқан зертханада болды. Өрт сөндіру бөлімі 101-ге қоңырау шалынып, тез арада мектепке өрт сөндіру құралдарымен келген өрт сөндірушілер шартты түрде өрт ошағын сөндірді. Далада алғашқы медициналық жәрдем медпункт ашылып тұрды. Мектеп ішінде бірде-бір адамның қалып қоймағаны және де өрттің толық сөндірілгені жөнінде 10-11 сынып оқушыларынан құрылған өрт сөндірушілер тобы АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгеновке есеп тапсырды. Азаматтық қорғаныс штабының

басшысы, мектеп директоры Е.Б.Такеевке азаматтық қорғаныс штабының маманы Г.С.Сутемгенов оқушылардың толық эвакуациясы жөнінде есеп берді. Болып жатқан іс-әрекетті мектеп қызметкерлері мен оқушылары бақылап тұрды.



Практикалық оқудың басты мақсаты – мектеп мұғалімдері мен қызметкерлердің өрт қауіпі төнген жағдайдағы іс-әрекеттерін бақылау, сонымен қатар автоматты хабарлау, эвакуациялық жарықтандыру, өртке қарсы бақылау жүйесін жарамдылыққа тексеру.

Бала құқықтарының халықаралық күні – 20 қарашада флеш-моб, Адам құқығы күні – 10 желтоқсанда «Құқық әлемінде» атты дөңгелек үстел, кластарда ақпарат сағаты, ата-ана жиналыстарында ақпараттық мәлімет беру, лездемеде

баяндама жасау ұйымдастырылды.



Оқушыларды шығармашылық үдеріске тарту және қазақстан мәдениеті құндылықтарына, қазақ халқы дәстүрлеріне баулу, моралдық-этикалық нормаларды меңгерту жолымен жалпы мәдениетті және руханилықты қалыптастыру мақсатында **рухани-адамгершілік тәрбие (Дін тәрбиесі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет) бағыты бойынша** қыркүйек айында «Менің отбасымдағы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар» тақырыбында эссе, қазанда «ЭКСПО-2017: татулық пен бірлік тұтқасы» атты дөңгелек үстел, қараша айында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Е.Сейтов сурет байқауын

өткізді, сонымен қатар қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың салдарын насихаттау мақсатында «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» атты жоғары сыныптар видеоролик түсірді. Желтоқсан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында оқушылар арасында шығармашылық жұмыстар жүргізді.


Оқушылардың табиғатқа сүйіспеншілігін және оған қарым-қатынасын тәрбиелеу, экологиялық қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде ойлау қабілеттерін арттырып қалыптастыруға себепші болу мақсатында **Еңбек , экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша** қыркүйек-қараша айларында екі айлық «Көркіе бер, туған жер!» тақырыбында сенбілік, еңбек күні, қараша айында «EXPO -2017! жасыл экономика» атты оқушылар арасында ғылыми жоба, 23-желтоқсаннан бастап «Төрле, төрле, Жаңа Жыл!» кабырға газеттері шығарып, кластарды безендіру жұмыстары жүргізілді.




Жалпы адами қасиеттердің негізінде көпмәдени тұлғаны қалыптастыру, оның ішінде өзара түсіністік, татулық, сыйластық, толеранттық, қоршаған ортамен өнімді қызмет ету секілді қасиеттер арқылы өмір сүруге көмек беру, өз-өзіне, айналаға, бүкіл әлемге құрметпен қарау мақсатында **Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша** 22-қыркүйекте тілдер күні «Білім қазынасы», қазан айында «Алтын күз – 2017!» дәстүрлі күзгі мереке, қараша айында «Күз кереметтері» атты сурет көрмесі, желтоқсан айында «Жаңа жылыңызбен!» атты әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға арнап мерекелік кеш ұйымдастырылды. «Жаңа жыл- 2018!» атты 1-11 сынып аралығында шырша мерекесі өткізілді және де барлық шарада ата-аналар бір адамдай ат салысты.




Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, дамыту мақсатында **зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша** тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы, қазан айында Республикалық «Ақбота интеллектуальдық» марафонына қатынасу, «Жол қауіпсіздігін сақтайық!» ақпараттық презентациясы, қараша айында «Абай дана, Абай дара қазақта!» атты кітап көрмесі, желтоқсан айында «Менің тұңғыш Президентім!» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.



Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату мақсатында **дене тәрбиесі, саламатты өмір салты бағыты бойынша** қыркүйек айында «Отбасы – бақыт мекені» атты спорттық эстафета, «Денсаулық фестивалі – 2017!», «Газалық – денсаулық кепілі!» қыздар клубының отырысы, қараша айында «Денсаулық – зор байлық», желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне арналған жастар арасындағы волейбол ойындарынан жарыс ұйымдастырылып, жүргізілген шараға мектеп жастары мен оқушылары белсене ат салысты.



Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тың идеяларға бастап, мүмкіндіктерді байқату мақсатында **Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу бағыты бойынша** қыркүйек айында «Адал ұрпақпыз!» тақырыбын негізге ала отырып, сынып басшылары мен белсенділерін сайлап, міндеттерін таныстырып, мектеп ережесіне сай мектеп формаларын үнемі киіп жүрулері үшін сынып сағаттарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазан айында «Болашаққа қадаммен нық барамыз!» атты мұғалімдер күніне орай өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Тұңғыш Президент күніне орай «Менің тұңғыш Президентім!» тақырыбында шығарма жұмыстарын жүргізді. Желтоқсан айында «16-желтоқсан Тәуелсіздік күні!» тақырыбын негізге ала отырып, сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.



Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау мақсатында **ұлттық тәрбие бағыты бойынша 22-қыркүйекте** «Мемлекеттік тіл - ұлт мәртебесі» тақырыбында тілдер күні өткізіліп, шара кең көлемде жүргізілді. Қазан айында «Қарттарым, асыл қазынам» атты қарттар күніне орай ауыл қарттарына дастархан жайылып, мерекелік кеш өткізілді. Қараша айында қазақтың ұлттық ойынын насихаттау барысында «Асық ойнаған азбайды» тақырыбымен бастауыш сынып оқушылары арасында асық атудан жарыс өткізілді. Желтоқсан айында «Мерген ару – 2018!» атты қыздар арасында мергендер сайысын АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгенов өткізді.



Ата-аналарды мектеппен тығыз байланыстыра отырып, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында **отбасы тәрбиесі бағыты бойынша** қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» атты отбасылар күніне арналған апталық ұйымдастырылып, отбасы күнін мерекелеуге арналған «Отбасы -бақыт мекені» атты апталықтың іс-шара жоспары бекітілді. Лездемеде апталық ашылып, жоспары таныстырылды. Жасөспірімдер мен жастарға, ата-аналарға отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіндегі алатын орны туралы ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асыру мақсатында «Бала – Қоғам - Заң» атты құқықтық түсіндіру жұмыстары 9-11 класс оқушыларымен өткізілген дөңгелек үстелде талқыланды. Отбасында ата-аналардың балаға мейірімділік танытуы, балаларды үлкендерді сыйлау, құрметтеуге үйрету мақсатында «Отбасы - тәрбие бастауы» тақырыбында кітап көрмесі, ата-аналар мен балаларды әртүрлі іс-шараларға тарту мақсатында спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен спорттық эстафета және де флешмоб өткізілді.




Шығармашылық өнер арқылы отбасы өнерін насихаттау мақсатында «Отбасы бақыт мекені» атты отбасылық мерекелік тарту өткізілді. Отбасылар таныстыру, өз өнері және де тақырыптық ән тарту бойынша өз өнерлерін ортаға салды. I орын Есет Әлішер I-сынып отбасы, II Қартаңбай Дулат 8-сынып отбасы, III орынды Сақыпкерей Алмат 7-сынып отбасы иеленді. Отбасылық сайысқа қатысқан отбасыларға ата-аналар мен класс

оқушылары демеушілік көрсетті. Сонымен бірге апта соңында апталық қорытындыланып өткізілген іс-шаралар бойынша ақпарат дайындалды. Қазан айында «Менің отбасым!» тақырыбында бастауыш оқушыларының арасында шығарма жұмысы, қараша айында «Отбасы және мектеп» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы, желтоқсан айында «Отбасы татулығы» тақырыбында мектеп психологы ата-аналармен тренинг өткізді.



Сонымен бірге «Туған жерге тағзым» акциясын жалғастыру мақсатында мектеп түлектері туралы мәліметтер жинақтау жұмысы қолға алынып, жалғасын табуда. «Рухани жаңғыру» жобасы бойынша іс-шаралар қолға алынып, мектепшілік жоспарлар құрылды.

Бірінші жартыжылдықта мектеп әкімшілігі мен ата-аналар, оқушылар тәрбиенің тоғыз бағыты бойынша жүргізілген іс-шараларға белсене ат салысып, ұйымдастырылған шаралардың жақсы деңгейде өтуіне өз үлестерін қоса білді деп айта аламын.


Мектеп директоры м.а.  Г.К.Ильтаева



Орындаған: А.А.Султанова (тәрбие ісінің меңгерушісі)

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2018 жылдың 5519 шығыс хатына байланысты «Денсаулық фестивалі» жоспарымен «Дені саудың-рухы сау» атты спорттық шараның өткізілуі туралы Ақтасты ауылы, Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінен мәлімет


Ақтасты ЖОББМ-де аудандық білім бөлімінің хатына байланысты «Денсаулық фестивалі» 8 қыркүйек күні оқушылар мен мұғалімдер арасында «Дені саудың-рухы сау» атты спорттық эстафета өтті. Әр кластың арасында «Салауатты өмір салтын ұстанамыз», «Дені саудың-жаны сау», «Денсаулыққа мың құрмет, Жаттығуға мың рахмет» деген ұранмен әр топ сынға түсті. «Мұғалімдер», «Жас қыран», «Оқушылар» командалары әр сайыс бойынша жарысты. Командалар бір-бірлеріне сәттілік тілеп, 1-тур «Үлкен теннис ракеткасы добымен» команда мүшелері кезекпен кезек уақытқа жарысты. 2-тур «Шелектегі су», «Есепті шығару» яғни, доппен жүгіріп келіп берілген есепті, «Мақалдың жағасын табу», «Астана», «Талдықорған», «Жезқазған» деген қала аттарының бас әріпінен басталатын қала аттарын тіркеп жазу деген тапсырмалар болды. Командалар арасынан белсене қатысқан оқушылар мен мұғалімдер болды. Мұғалімдер жауапкершілікпен фестивальге белсене қатысты. Жарыс соңында үш команда да жақсы нәтиже көрсетті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Құлдықов Ержан мен Сұлтан Төлеген жарысты жақсы деңгейде ұйымдастыра білді. Ұйымдастырушылар үш команданы «Достық» жеңді деп шешім қабылдады.











Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ж.Омарова

«ОТАНЫМ – ТАҒДЫРЫМ»

«Отаным – тағдырым» бөлімінің мақсаты: Өз елін, отанын сүйетін, дені сау Қазақстанның жаңашыл негізін қалайтын саламатты азаматтарды қалыптастыру.

Бұл бөлім бойынша 5 жоба бөлінген, атап айтсам:

- «Балалар мен жасөспірімдердің ерікті қозғалысы»
- «Білім алушылардың азаматтық өзін-өзі тану деңгейін зерттеу»
- «Сөз-тілдің көркі»
- «Өрле, Қазақстан!»
- «Дарынды ұрпақ – ел болашағы»

«Балалар мен жасөспірімдердің ерікті қозғалысы». Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша «Жасұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау іс-шарасы өткізілді. Желтоқсан айында 5 сыныпты «Жас Ұлан», мамыр айында 1 сыныпты «Жас Қыран» ұйымына қабылдау шарасы салтанатты түрде жүргізіліп, өткізілді. Қараша айында *дене тәрбиесі және, саламатты өмір салты* тәрбиесі бағыты бойынша спорт нұсқаушысы Е.Сейтов пен А.Тұлеуов «Елдің мықты тірегі-дені сау ұрпақ» тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырды.




«Білім алушылардың азаматтық өзін-өзі тану деңгейін зерттеу».

Зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі А.Шөлекенов «Мәдени және конфессия аралық келісім» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

«Сөз-тілдің көркі» зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Омарова «Абай оқулары» байқауы аудандық іріктеуге мектепшілік «Абай оқулары» байқауын өткізді.

Рухани-адамгершілік тәрбие және еңбек тәрбиесі бағыты бойынша технология пәнінің мұғалімі Е.Сейтов «Астың қадір қасиеті» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында пікірталас өткізді.



«Өрле, Қазақстан!» жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша тарих пәнінің мұғалімдері Г.Жылқайдарова мен А.Султанова 7-8 сынып оқушыларымен «Елім менің» интеллектуалдық ойынын жүргізді. Ойын бес бөлім бойынша жүргізілді. 1)Топты таныстыру

2) білгенге маржан (сұрақ-жауап)

3) ойлы болсаң озып көр (сөздерді жалғастыру)

4)сөзжасам (берілген тапсырмалар бойынша сөз тіркестерін табу.5) тапқыр болсаң тауып көр (топ басшылары өз командаларына сөздерді ыммен жеткізеді)

Қорытынды бойынша 8 сынып оқушылары алға шығып 1 орын, 7 класс командасы 2 орынға ие болды.



«Дарынды ұрпақ – ел болашағы» жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша бейнелеу өнері пәні мұғалімі Е.Сейтов «Менің бастауым – менің Отаным үшін» асфальтке сурет салу сайысын өткізді.



Отбасы және ұлтты тәрбие бағыты бойынша 8 сынып жетекшісі Н.Бекетова «Бір шаңырақ астында» атты ата-аналар сайысын өткізді.



Жаңа қазақстан дық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша 1-мамыр Қазақстан халықтарының ұлттар бірлігі күні мектепішілік 1-11 сыныптар аралығында «Қазақстан бірлік пен татулық мекені» атты мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып, Астананың 20-жылдығына орай өткізілді. Шараға қатысқан барлық 1-11 сынып жетекшілері мен ата-аналарына мектеп әкімшілігі атынан алғыстар айтылып, 1-11 сынып оқушыларының белсенділері марапатталды.



ӨЛЖЕТАНУ

Мақсаты: Өзінің кіші отанының салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын құрметтейтін белсенді азаматтық ұстанымы бар Қазақстанның жандануы барысындағы істерге қатысуға дайын патриот тұлғаны тәрбиелеу.

Бұл бөлім бойынша 6 жоба бөлінген, атап айтсам:

- «Алтын адам»
- «Тарих мұрасы»
- «Елімнің шежірелі байлығы»
- «Табиғат бесігі»
- «Ұлттық қазына»
- «Менің Отаным - Қазақстан»

«Алтын адам» жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша желтоқсан айында тәуелсіздік күніне орай тарих пәні мұғалімдері А.Султанова мен Г.Жылқайдарова 9-11 сынып оқушылары арасында «Алтын адам» тақырыбында дөңгелек үстелін ұйымдастырып өткізді. Мақсаты тарих пәні бойынша оқушылардың білімдерін шыңдау, сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жемісі «Алтын адам» туралы құнды мәліметтер беру арқылы оқушыларға ұлттық құндылық пен, патриотизмді насихаттау. Дөңгелек үстелде оқушылар алдын ала берілген тапсырмалар бойынша Қазақстаннан табылған (Шілікті алдын адамы, Аралтөбе және Есік қорғанынан табылған алтын адам) алтын адамдар туралы баяндама жасады.



«Тарих мұрасы» жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты бойынша сәуір айында меткепішілік «Екі жұлдыз» патриоттық әндер байқауы өткізілді. Мақсаты педогог пен оқушы арасында шығармашылық арқылы қарым-қатынастарын нығайту. «Екі жұлдыз» патриоттық әндер байқауы үш бөлімнен тұрды. 1) Заманауи әндер; 2) Мультфильм әндері және 3) ретро (80-90жылғы) әндер. Үш бөлім бойынша сайысқа қатысқан өнерпадарамыздың ішінен АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгенов пен 8сынып оқушысы Ж.Мақсотов ең үздік шығып, аудандық «Екі жұлдыз» әндер байқауы жолдама алды. Аудандық «Екі жұлдыз» әндер байқауында 1 орынға ие болған АӘД пәнінің мұғалімі Г.Сутемгенов пен 8сынып оқушысы Ж.Мақсотов облыстық «Екі жұлдыз» патриоттық әндер байқауына қатысып, «Жұлдызды жұп» номинациясына ие болып келді.



«Елімнің шежірелі байлығы» зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша қараша айында тарих пәнінің мұғалімі А.А.Султанова 9-10 сынып оқушылары арасында «Дарабоз» интеллектуалдық ойынын өткізді. Ойын төмендегідей турлардан тұрды

1. «Қанат қақты» капитандар сайысы
2. «Самғау» сұрақ-жауап
3. «Шарықтау» жанкүйерлерге сұрақтар
4. «Шырқау» қала мен жер атауларын табу
5. «Жерұйық» жеңіске жеткен топқа сұрақ қойылады


Ойын тартысыты, әрі өте қызықты болды, соңында қазылар алқасының есептеуі бойынша ұпайды ең көп жинаған топ 9 сынып оқушылары жеңіске жетті. Ал 10 сынып оқушылары 2 орынды иеленді.



«Табиғат бесігі» 11 қараша күні тәрбиенің көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша оқушыларды табиғатты қорғау әр адамның міндеті

екенін ұғындыру, табиғатты сүйеге, бағалауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, әдемілікті түсіне, көре білуге баулу мақсатында мектеп оқушылары арасында «Алтын күз – 2017!» күзгі сайысы ұйымдастырылды.


Бастауыш 1-4 сыныптар аралығындағы сайыс нәтижесі бойынша бас жүлдені даярлық «Алмалар» тобы, 1 орынды 1-сынып «Саңырауқұлақтар» тобы, 2 орынды 2-сынып «Күзгі жапырақтар» тобы мен 4-сынып «Көкөністер» тобы алса, 3 орынды 3-сынып «Жемістер» тобы иеленді.



Орта буын 5-7 сыныптар аралығында сайыс нәтижесінің қорытындысы бойынша 1 орынды «Алтын жапырақтар» тобы 6 класс, 2 орынды «Кішкентай бағбандар» тобы 5-сынып, 3 орынды 7-сынып «Жапырақтар» тобы иеленді.

Жоғарғы буын 8-11 сыныптар аралығында сайыс нәтижесінің қорытындысы бойынша 1 орынды 8 класс «Абай мектебі» тобы, 2 орынды 9-сынып «Супер9» тобы, 3 орынды 10 сынып «Тек қана қыздар» тобы иеленді


Қыркүйек-қазан және де сәуір-мамыр айлары аралығында тәрбиенің еңбек тәрбиесі және экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Таза ауыл,көше» тақырыптарында сенбіліктер ұйымдастырылып жүргізілді. Сенбілікке барлық меткпе ұжымы мен 5-11 сынып оқушалары жұмылдырылды.



«Ұлттық қазына» көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша желтоқсан айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Менің кіші отаным» тақырыбында тәуелсіздік күніне орай сурет байқауы өткізілді.



«Менің Отаным Қазақстан» көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша 1-11 сыныптар аралығында 1-наурыз алғыс күніне орай «Алғыс айтамын» тақырыбында салтанатты жиыны ұйымдастырылып, өткізілді. Жиында кластар бір-біріне, ата-аналарына, ұстаздарына және достары мен туыстарына алғыстарын білдіріп, шын жүректен ысытық лебіздерін арнады. Жиында алғыс күніне орай өлең оқылып, 8 сынып оқушылары биден шашу шашты. Сонымен бірге облыстық, аудандық жарасытарда жүлделі орындарды иеленіп жүрген оқушыларға мектеп әкімшілігі атынан алғыс айтылып, оқушылар марапатталды.



САНАЛЫ АЗАМАТ

Мақсаты: Жаһандық және аймақтық нарықта бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру

Бұл бөлім бойынша 5 жоба бөлінген, атап айтсам:

- «Білім сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу»
- «Мамандықтар әлемі»
- «Алтын қазына»
- «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»
- «Дарындылар елі»

«Білім сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу» зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша мектеп психологы А.Узақбаева 1-11 сынып оқушылары арасында тоқсан сайын «Білім сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу» диагностикасын жүргізіп тұрады.

«Мамандықтар әлемі» еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау бағыты бойынша наурыз айында мектеп психологы А.Узақбаева 7 сынып оқушыларына «Мамандықтар әлемі» атты кәсіби білім беру мақсатында кеңес беру жұмысын жүргізді.



«Алтын қазына» дене тәрбиесі және психологиялық тәрбие, саламатты өмір салты бағыты бойынша қараша айында спорт нұсқаушысы А.Түлеуов пен Е.Сейтов бастауыш сынып оқушыларына «Алтын қазына» тақырыбында ұлттық ойындардан (асық ату, арқан тарту, қол күрес) жарыс өткізді.



«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында «Жаратылыс ғажаптары» тақырыбында зертханалық жұмыстар сайысы өткізілді. Оқушылар өздерінің физика және химия пәндері бойынша алған білімдерін ортаға салып, практикалық жұмыстарын жасап көрсетті.



«Дарындылар елі» зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша желтоқсан айында физика пәнінің мұғалімі Н.Бекетова 6-7 сынып оқушылары арасында «Қызық екен...» сайысын ұйымдастырып, өткізді.



КІТАП-БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Мақсаты: Кітап оқуды мәдениеттің маңызды элементі және жастардың интеллектуалдық әлеуетін көтеру, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін арттыру құралы ретінде, бүкіләлемдік жағдай жасау.

Бұл бөлім бойынша 1 жоба бөлінген, атап айтсам:

- «Кітап – білім бұлағы»

«Кітап – білім бұлағы» тәрбиенің зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша кітапханашы В.Сутемгенова «Жақсы кітап жан азығы» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.



КІТАП-БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Мақсаты: Кітап оқуды мәдениеттің маңызды элементі және жастардың интеллектуалдық әлеуетін көтеру, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін арттыру құралы ретінде, бүкіләлемдік жағдай жасау.

Бұл бөлім бойынша 1 жоба бөлінген, атап айтсам:

- «Кітап – білім бұлағы»

«Кітап – білім бұлағы» тәрбиенің зияткерлік тәрбие және көшбасшылық тәрбиесі бағыты бойынша кітапханашы В.Сутемгенова «Жақсы кітап жан азығы» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.



Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жоспарланған іс-шара

Тақырыбы: «Отан-отбасынан басталады»

Мақсаты: Ата-аналар мен балаларды шараға қатыстыра отырып, халықтық педагогика негізінде салт-дәстүріміз туралы білімдерін байқау. Отбасы Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұжымдылыққа тәрбиелеу.



Ұлттық тәрбие бағытында жүргізілген іс-шара

Тақырыбы: «Тіл-халықтың игілігі»

Мақсаты: Оқушыларға ана тілінің, қасиетті қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, халықтың қазынасы екенің бойларына сіңіру.



Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу барысында өткізілген іс-шара

Тақырыбы: «Табиғатты аялау ата-салтымыз»

Мақсаты: Оқушыларды табиғатты аялау әрбір адамның азаматтық парызы екенін, түсіндіріп, олардың білімін жетілдіру, ата – салтымызбен таныстырып, осы бағытқа тәрбиелеу.



Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында жоспарланған іс-шарадан

Тақырыбы: «Мен спортты сүйемін»

Мақсаты:

1. Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшырататынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру.
2. Оқушыларды білімділікке, салауаттылыққа өмір сүруге баулу. Оқушылардың өз ойларын айта білуі, өздері ой - түйін жасай білу дағдыларын дамыту.
3. Денесін шыңдауда шымыр да шапсаң ұқыпты да жинақы, ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша өткізілген шарадан

Тақырыбы: «Кітап әлеміне саяхат»

Мақсаты: Оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу; кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру



Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытындағы жұмыс

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Жаңа жыл мерекесін тойлай отырып, эстетика-этикалық мәдениеттері сақтай білуге дағдыландыру.



Өткізген: Ибрагимова Майра Женисовна

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытындағы жұмыс

Тақырыбы: «Арайлы, Алтын күз!»

Максаты: «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.



Рухани-адамгершілік тәрбие (діни тәрбие,сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет) бағытындағы жұмыстан көрініс

Тақырыбы: «Қарты бар үйдің-қазынасы бар»

Мақсаты: Оқушыларға үлкенді сыйлап, құрметтеуге, үлгі тұтуға баулу.



Қазақстандағы патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында жасалған іс-шара

Тақырыбы: «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»

Мақсаты: Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбек жолдарымен танысу, тарихқа шолу, әр тұлғаның туған жер, тіл, тарих, шежіре туралы таным – түйсігін молайту. Отанын, халқын сүюге тәрбиелеу және жүректе өз Отанына деген мақтаныш сезімін ұлғайту.



Өткізген: Омарова Гульдаурен Жетписбаевна

20-21 ж

Актасты жалпы орта білім беретін мектебі
«Қайырымдылық акциясы»
атты өткізілген іс-шарасына анықтама


30 желтоқсан күні: 2020-2021 оқу жылында әр түрлі типтегі отбасы балаларынан қамқоршылық және мектептегі педагогикалық кеңестің шешімімен 4 білім алушыға жалшыға бірдей міндетті оқу қорынан әлеуметтік көмек көрсетіліп, қысқы күртешелер мен аяқ киімдер және оқу құралдар берілді.

Әлеуметтік педагог: Шөлекенов. А.Ж

ДІЖО: Е.Е.Құлдықов



Анықтама



Әйтеке би аудандық білім бөлімінің хатына сәйкес Ақтасты ЖОББ мектебінде 10-16 мамыр аралығында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында “Жасөспірім” жедел алдын алу іс- шарасы ұйымдастырылды. Мектеп мұғалімдері мен ауыл инспекторы Н.Сәрсенбаев түнгі рейдке шығып тексеріс жүргізді. Шара барысында құқық бұзушылық актілері орын алған жоқ.

Анықтама



Ақтасты селосы, Ақтасты ЖОББ мектебінде 11-17 қаңтар аралығында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен тәртіпсіздікті болдырмау, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің хаты негізінде “Каникулы” атты жедел алдын алу шарасы өтті. Тексеріске ата-аналар, класс жетекшілер, жас мамандар, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, ауылдық округ маманы шықты. Тексеріс нәтижесінде балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ауылдағы бос ғимараттар толықтай тексерілді. Демалыс уақытында құқық бұзушылық орын алған жоқ.

Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралар туралы мәлімет

Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары құрылды. Осы ретте шаралар өз ретімен өтуде. Оқушылар арасында дебаттар, түрлі іс-шаралар мектеп көлемінде аталып өтеді. Мәселен дінтану пәнінің мұғалімі Султанова Асем Атабаевна дөңгелек үстел 8-11 кластар аралығында, құқық пәнінің мұғалімі «Өз құқыңды білесің бе?» осы тақырыпта пікірталас өткізді. Қазақстан аумағында болып жатқан түрлі жайттар да теледидар арқылы тыңдалып, бұрыс-дұрыс жақтары талқылануда. «Ұрлық түбі-қорлық» тақырыбында 1-4 кластар аралығында бастауыш класс мұғалімі Ибрагимованың ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өтті. Бұл іс-шаралардың мақсаты оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, елін, жерін қастерлей білуге тәрбиелеу. Жат қылықтардан оқушылардың бойын аулақ ұстауға баулу. Еңбектің адам өмірінде алар орны орасан екендігін ұғындыру. Адам кез келген жетістікке еңбек арқылы ғана шыға білуі керек. Оқушылардың құқықтық сауаттылықтары мол болуы керек. Ел төңірегіндегі түрлі жайсыз жайттардан өздерін аулақ ұстауға баулу. Мектеп психологі, социолог, тәрбие ісінің орынбасары осы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектепте көптеген іс-шаралардың өтілуін тікелей бақылауда.

Тәрбие ісінің орынбасары:



Е.Е.Құлдықов

Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде құрылған «Адал ұрпақ» клубының
жұмыстары туралы
мәлімет

2020-2021 оқу жылында оқушылар арасында патриоттық және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында «Адал ұрпақ» клубы құрылды.

«Адал ұрпақ» клубының құрамына 5-10 класс оқушылары қабылданып, жетекші міндетін Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 11.10.2020 жылғы № 2689 шығыс хаты негізінде Бұйрық № 60 /а/ -мен тәрбие ісінің орынбасары Е.Е.Құлдықовқа міндеттелді.

«Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарланған жұмыстар уақытымен атқарылып келеді. Атқарылғын жұмыстар: дөңгелек үстел, саулнама, сурет, шығарма, дебат сабақтары өткізілді.



Оқушыларды азаматтыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» клубының бұрышы жасалды және ол жаңартылып отырады.

Тәрбие ісінің орынбасары:



Е.Е.Құлдықовқа


Анықтама



Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде 24 сәуір күні “Адалдық дүкені” атты шара ұйымдастырылды. Мектеп асханасынан ішінен орын алған бұл шара оқушыларды адалдыққа, қоғамда сенімділік ахуалын тудыру, адал тұлға болуға шақырады. Адалдық дүкенінде оқушыларға қажетті құралдар, бәліштер, тәтті сусындар т.б заттар сатылады.

Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде 24 сәуір күні “Адалдық дүкені” атты шара ұйымдастырылды. Мектеп асханасынан ішінен орын алған бұл шара оқушыларды адалдыққа, қоғамда сенімділік ахуалын тудыру, адал тұлға болуға шақырады. Адалдық дүкенінде оқушыларға қажетті құралдар, бәліштер, тәтті сусындар т.б заттар сатылады.


Анықтама



Ақтасы жалпы орта білім беретін мектебіндегі “Жігерлі жастар” еріктілер тобы мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында жас көшеттерді отырғызды. Алдағы уақыттағы көшеттердің дұрыс суарылуы мен күтіміне жауапкершілікпен қарауды топ болып қарауды жоспарлауда.

Ақтасы жалпы орта білім беретін мектебіндегі “Жігерлі жастар” еріктілер тобы мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында жас көшеттерді отырғызды. Алдағы уақыттағы көшеттердің дұрыс суарылуы мен күтіміне жауапкершілікпен қарауды топ болып қарауды жоспарлауда.

Анықтама




Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде 21 қаңтар күні “Адал ұрпак” клубы бойынша жоспарға сәйкес “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ” атты сурет байқауы өтті. Байқауға мектеп оқушылары қатыстырылды. Бұл шараның мақсаты ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сыйақты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.

21-22 ж

**Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде тәрбие жұмысы бойынша жасалған жұмыстарға бірінші жартыжылдық бойынша анықтама.
2021-2022 оқу жылы**

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 03 қыркүйек күні хаты негізінде Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 5- қыркүйек тілдер мерекесіне орай аудандық іс-шара жоспары бойынша «Тіл- ғасыр, тарих куәсі» атты апталық ұйымдастырылды. А.Байтұрсынұлы және Мәңгілік ел мұраты» атты апталықтың ашылу салтанаты өтті. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Г.Төлеген, А.Жарасова «Тәуелсіздік пен тіл егіз ұғым», «Тәл және Тәуелсіздік» тақырыбында эссе және оқушылар шығармашылығы сайысы өтті. «Тілім барда айтылар сөз ойдағы» тақырыбында әдеби сазды кеш өтіп, «Тілге құрмет- елге құрмет» атты апталықтың жабылуы болып, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.



15 қыркүйек отбасы күніне орай ұйымдастырылған іс-шара туралы

Әйтеке би ауданы, ішкі саясат бөлімінің 2021 жылғы 9 қыркүйек №66 хаты негізінде Қыркүйек айында дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие бағыты бойынша «Отбасылық құндылықтар» челленджі ұйымдастырылды. Сонымен қатар отбасы мерекесіне байланысты дене шынықтыру пәні мұғалімі Т.Сұлтановтың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын ұстану мақсатында оқушы отбасымен бірге спорттық сайыс өтті. Сайысқа: 7 кл Молдағалиевтер, 7кл Құлдықовтар, 11кл Тойшылықовтар отбасы қатысып, белсенділік танытты.





Ақтасты жалпы орта білім еретін мектебінде 1 қазан қарттар күніне орай өткен іс-шара анықтамасы .

Қазан айында Рухани- адамгершілік тәрбие бағытында 1 қазан -Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кешке ауыл қарттары, ардагер ұстаздар шақырылды. Мерекені ауыл әкімі Д.У.Теміралыұлы ашып, қарттарды мерекесімен құттықтап, сыйлықтарын ұсынды. Мектеп директоры С:Г:Аяпова қарттарды мерекесімен құттықтап сөз сөйледі.Мерекелік кешті мектеп оқушылары әнмен әрлеп, жырдан шашу шашты. Қарты бар үйдің қазынасы бар дегендей, қазыналы қарттарымызға керемет көңіл күй сыйлады.



5 қазан ұстаздар күніне орай өткізілген іс-шара анықтамасы


Ақөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе- Дарын» өңірлік ғылыми- тәжірбиелік білім беру орталығының 2021жылғы 21 қыркүйек №456 хаты негізінде 5 қазан құрметті мамандық иелері- Ұстаздар күніне арналған «Ұстазыма мың алғыс» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге мектеп оқушылары, студент түлектер қатысып ұстаздарға жүрек жарды тілектерін арнады. Челлендж мектептің әлеуметтік желісіне жүктелді. Рухани-адамгершілік бағытында, сонымен қатар «Өнегелі бір-сағат» жобасы бойынша мектеп оқушылары «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Ұстаздар қауымына керемет көңіл-күй сыйлады.

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе- Дарын» өңірлік ғылыми- тәжірбиелік білім беру орталығының 2021жылғы 21 қыркүйек №456 хаты негізінде 5 қазан құрметті мамандық иелері- Ұстаздар күніне арналған «Ұстазыма мың алғыс» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге мектеп оқушылары, студент түлектер қатысып ұстаздарға жүрек жарды тілектерін арнады. Челлендж мектептің әлеуметтік желісіне жүктелді. Рухани-адамгершілік бағытында, сонымен қатар «Өнегелі бір-сағат» жобасы бойынша мектеп оқушылары «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Ұстаздар қауымына керемет көңіл-күй сыйлады.



Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеті қауіпсіздігіне өткізілген іс-шара туралы


Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы №2-5060 хаты негізінде 10 қазанда оқушылар мен мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында өрт қауіпсіздігі, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында санитарлық эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып, «Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеті» тақырыбында практикалық оқу-жаттығу өткізілді. Оқу жаттығуға 10-11 сынып оқушылары қатысып, өрт кезінде сақталатын қауіпсіздік шараларын көрсетті. Шараға барлық мектеп кіші қызметкерлері, мұғалімдер, оқушылар қатысты. Осы шараға байланысты 1-11 сыныптарға тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушыларға өрттің алдын алу және өрттен қалай сақтану жөнінде мәліметтер айтылып, қауіпсіздік ережелерімен танысты.





«Аяулы алтын күз» тақырыбында өткізілген іс-шара анықтамасы


Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік 1-11 кл аралығында «Аяулы алтын күз» сайысы өтті. Сайысқа бастауыш МАД-4сыныптар, 6-11 сыныптар арасында сайысқа түсті. Сайыс нәтижесінде 4кл бас жүлде, 2сынып 1орын, 1сынып 2орын, 3кл- МАД тобы 3 орынға ие болды. жоғары буын үшін Бас жүлде 11сынып, 1орын 8сынып, 2орын 10 сынып, 3орын 7-9 сыныптар ие болды. Күз мерекесіне орай оқушыларды кәсіпке баулу мақсатында «Күз береке, күз молшылық» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында күзгі жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеде оқушылар өз колдарымен әр түрлі өнімдер пісіріп сатты.





«Серілер» ұлдар клубының өткізілген іс-шара анықтамасы

2021-2022 оқу жылында мектебімізде «Серілер» атауымен ұлдар клубы құрылды. Клубтың жетекшісі өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі А.Шөлекенов сайланды. Ұлдар клубының жетекшісі А.Шөлекенов ер балалармен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізіп, клубтың жұмыс жоспарымен таныстырды. Ер балаларға құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде мәліметтер берілді. Ер балалар өз ойларын ортаға салып, көптеген мәселер талқыланды. Жиналыста мектеп психологы С.Ергалиева оқушылармен тренинг өткізді.



Жалпы ата-аналар жиналысының анықтамасы

Ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтан ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында өткізілетін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып табылады. Биылғы оқу жылында мектепшілік ата-аналар жиналысы қыркүйек айында 1 рет болды. Мектепшілік ата-аналар жиналысында барлық ата-анаға тән мәселелер қаралды, яғни ҰБТ, оқушылардың құқықтары мен міндеттері, күз, қыс мезгіліндегі балалардың өмір қауіпсіздігі, ата-аналарға арналған мектепшілік ереже және соңғы жылдары өте жиі белең алып жатқан проблемалардың бірі – суицид мәселесі туралы және мектепте ата-аналар кеңесінің құрамы, аналар клубы, әкелер клубын сайлау туралы мәселелер қаралды. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Алимбаева Мөлдір. Мүшелері: Балтабаева Назгүл.

Садуова Гүлзайда. Ата-аналар мектепте ұйымдастырылған барлық мерекелік іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып отырады. Мектепте жалпы ата-аналар комитетінің жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізіледі. Мектепшілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесі - баршаның ісі» атты баяндама оқылып, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды. Ауылдық учаскелік инспекторы Н.Саренбаев қатысып құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі жөнінде айтып өтті және балалардың 21:00 ден кейін көшеде беймезгіл жүрмеуін ата-аналарға түсіндіріп, қадағалауды тапсырды. Ұлттық өнерді, ұлттық нақышты жасөспірімдердің бойына сіңіруде ата-ананың қосатын үлесі зор.



«Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыбында өткізілген челлендж анықтамасы

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш Елбасы» тақырыбында 5-10 сыныптарда танымдық сабақтары өтті. Сонымен қатар «Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыбында 6-11 кл арасында челлендж ұйымдастырылды. Оқушылар Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанын, еліміздің жеткен жетістіктеріне тоқталып және өлең шумақтарымен керемет тілектерін білдірді.




Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы»

Республикалық айлық аясында өткен іс-шара туралы


Әйтеке би аудандық білім бөлімі Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылы №2-5457 хаты негізінде 20 қараша- Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» республикалық айлық аясында жоспар құрылып, іс-шаралар өтті. «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларға жалпы құқық жөнінде және құқық бұзушылықтың алдан алу шараларын түсіндірді. Әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Балаларға жылу сыйла» танымдық сабағы өз деңгейінде өтті. ДТЖО А.Айтмағамбетова 6-11 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» флешмоб және 8-11 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар өз пікірлерін ортаға салып, топпен постер қорғады.





ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және Қ.Мұнайтпасұлының 150жылдығына орай қазақ күресінен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен турнирі туралы



27-28 қараша күндері ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және Қ.Мұнайтпасұлының 150жылдығына орай қазақ күресінен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен турнир өтті. Шараны аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Д.Сейілхаов ашып, аудан әкімі Д.Жанысханұлы құттықау сөз сөйледі. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен және жергілікті жеке кәсіпкер О.Жолмұратұлы демеушілігімен өткен қазақ күресінен тұңғыш жарыс болды. Екі күнге созылған бәсекеде 139 палуан боз кілемде бақтарын сынады. Спортшылардың құрметіне аудандық саз мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген концерттік бағдарламасымен жалғасты. Жарыс нәтижесінде 10 сынып оқушысы Молдағали Ерасыл 2орын, Тойшылық Дияс Зорын иеленді. Жарыс жеңімпаздары мектеп директорының грамотасымен, медальдарымен және турнир демеушісі О.Жолмұратұлының сыйлықтарымен марапатталды. Шара соңында палуадарға жеке кәсіпкер С.Кішкенебаев, жеке кәсіпкер С.М.Имағанбетов және Ақтасты командасына ауыл әкімі Д.Т.Убайдуллин, Әйке ауыл әкімі Н.Т.Смагулов жеке кәсіпкер О.Жолмұрат және Ақтасты ЖОББМ



ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150жылдығына орай казак күресінен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен турнирі туралы

27-28 қараша күндері ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150жылдығына орай казак күресінен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен турнир өтті. Шараны аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Д.Сейілхаов ашып, аудан әкімі Д.Жанысханұлы құттықау сөз сөйледі. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен және жергілікті жеке кәсіпкер О.Жолмұратұлы демеушілігімен өткен казак күресінен тұңғыш жарыс болды. Екі күнге созылған бәсекеде 139 палуан боз кілемде бақтарын сынады. Спортшылардың құрметіне аудандық саз мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген концерттік бағдарламасымен жалғасты. Жарыс нәтижесінде 10 сынып оқушысы Молдағали Ерасыл 2орын, Тойшылық Дияс Зорын иеленді. Жарыс жеңімпаздары мектеп директорының грамотасымен, медальдарымен және турнир демеушісі О.Жолмұратұлының сыйлықтарымен мараптталды. Шара соңында палуадарға жеке кәсіпкер С.Кішкенебаев, жеке кәсіпкер С.М.Имағанбетов және Ақтасты командасына ауыл әкімі Д.Т.Убайдуллин, Әйке ауыл әкімі Н.Т.Смагулов жеке кәсіпкер О.Жолмұрат және Ақтасты ЖОББМ


директоры С.Г.Аяпова жаттықтырушы Е.Е.Құлдықов, дене шынықтыру пәні мұғалімі Е.Ғ.Сеитов ақшалай сый-сияпаттарын көрсетті.






9 желтоқсан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай өткен іс-шара

Ақтөбе облысының білім басқармасының 9-желтоқсан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бастауыш мұғалімі Ибрагимова Майра 2-3 сыныптарға «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Сабақ өз деңгейінде өтті. Бастауыш оқушылары сыбайлас жемқорлық жөнінде көптеген мәліметтерге қанық болды.






1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті және 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен іс-шара туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылы №2-5937 хаты негізінде 1 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күндеріне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау жоспары аясында іс-шаралар ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптар арасында тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы- ел тірегі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мектеп кітапханашысы В.Сүтемғенова «Ұлы даланың, ұлық мерекесі» кітап көрмесін ұсынды. Оқушылар кітапханаға кітап көрмесіне саяхаттап, көптеген құнды мәліметтерге куә болды. Аға тәлімгер Б.Жалғасбаев «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты көшбасшы балалармен кездесу өткізді және «Қазақстан менің Отным» тақырыбында бастауыш сыныптарға сурет байқауын ұйымдастырды. Нәтижесінде 1 кл оқушысы Құлдықова Кәусар 1 орын, 3 кл оқушысы Марат Нұрқанат 2 орын, 4 кл оқушысы Ғабит Меруерт 3 орын иеленді. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Г.Төлеген «Тәуелсіздік орындалған арман» эссе байқауын және «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» тақырыбында жыр сайысын өткізді. Нәтижесінде 7 кл оқушысы Болатқызы Дана 1 орын, 7 кл оқушысы Молдағали Нұрислам 2 орын, 7 кл оқушысы Ермекқызы Айшуақ 3 орын, 7 кл оқушысы Марат Ринат 3 орын иеленді. Еңбек пәнінің мұғалімі А.Айтмағамбетова «Рухани жаңғыр» бағдарламасы аясында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап «Тәуелсіздікке тарту» қолөнер көрмесі бұрышын жасалды. Жаратылыстну ӘБ «Білімді жастар- ел бошағы» тақырыбында 6-8 сыныптар арасында интеллектуалды ойын өткізді. Тарих пәні мұғалімдері А.Султанова мен М.Ибрагімова 9-11 сынып оқушыларын «Тәуелсіздіктің 30 қадамы» атты конференция өткізді. Оқушылар еліміздің жеткен жетістіктеріне шолу жасап, постер қорғап, болашақ жастардың қолында екені жөнінде пікір алысып, талмай білім алып, адал еңбек ету керектігін айтты. Бастауыш ӘБ ұйымдастыруымен «Ең үздік – отбасы» байқауы өтті. Байқауға төрт отбасы қатысты. МАД Құлдықовтар 1 кл Серікұлы, 2 кл Тойшылықовтар, 3 кл Алматовтар, 4 кл Білшәндер отбасылары қатысты. «Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында

мерекелік концерт өтті. Сонымен қатар ҚР 30жыл мерекесі қарсаңында Казан қаласында ұйымдастырылған іс-шараға мектебіміздің 2 сынып оқушысы Орынбақызы Акерке ҚР барған делегацияның ең күшкентай делегаты болып қатысып келді. ҚР Казан қаласындағы бас консулдығының «Алғыс хатымен» марапатталды.




Жарты жылдықта өткен үйірме жұмыстарының анықтамасы

Мектепте «Қазақ күрес», «Шахмат», «Валейбол» үйірмелері кесте бойынша өз уақытында өтеді. Үйірмелер өз нәтижесін беруде. Шахмат үйірмесі бойынша Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Руслан Қалиев атындағы аудандық оқушылар арасында шахмат турнирінен 7 кл оқушысы Болатқызы Дана Зорын иеленді. Сонымен қатар Баязит Құдайбергенұлы атында өткізілген аудандық шахмат турнирінде «Үздік» қабілетімен көзге түсіп 15 мың ақшалай сыйлыққа ие болды. Жеткешісі Т.Сұлтан. Қазақ күресі үйірмесі бойынша Ақтасты ЖОББ мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық турнирде 10 кл оқушысы Молдағали Ерасыл Зорын, 1 кл оқушысы Тойшылық Диас 3 орын, Қошмұратов Қалқаман Зорын иеленді. Аралтоғай ауылы Оразалин ЖОББ мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық күресте 4 кл оқушысы Максотов Бекарыс 29 кг дәрежесімен 3 орын, 7 кл оқушысы Марат Ринат 38 кг дәрежесінде «Ең үздік тәсіл» номинациясын иеленді. Жеткешісі Е.Құлдықов. Әйтеке би аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Әйтеке би балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150 жылдығына арналған валейболдан Ақтасты командасы Зорын жеңіп алды. Жетекшісі С.Әмитжан.




Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде жол қозғалыс ережелеріне байланысты өткен тәрбие сағат анықтамасы


2021 жылы 1-қыркүйек күні Әйтеке би ауданы ПБ-нің Учаскелік полиция инспекторы Н.Сарсенбаев Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің «Алғашқы қонырау және «Назар аударыңыз балалар!» атты акциясы аясында алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушыларына жол қозғалыс ережелерін, оның ішінде қарапайым жол ережелерін яғни жолдан өту тәсілдерін, жол бойында жүру кезінде қауыпсіздік сақтау жөнінде профилактикалық түсіндіру және ашық сабақтар өткізілді.



Электр тогының қауіптілігінің алдын алу туралы өткен тәрбие сағаттар


Облыстық білім басқармасының тапсырмасына орай 1-11 сыныптарға, сынып жетекшілері электр тогының қауіптілігінің алдын-алу мақсатында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағатына аулымыздың электрик маманы Аймағамбетов Болат Коптлеуович қатысып, ток соғудан сақтану, алды-алу ережелерін түсіндірді.





Зорлық – зомбылықтардың алдын алу мақсатында өткен іс-шара туралы

Әйтеке би аудандық білім бөлімі Әйтеке би ауданының прокуратурасының 2021 жыл 23 қыркүйек №2-0302-21-00898 хаты негізінде, білім беру ұйымдарында көмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өтті. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу сондай-ақ сақтану одан сақтану шаралары және қауіпсіздік ережелері жөнінде кеңінен түсіндіріп, видео, слайдтар көрсетілді. Сонымен қатар мектеп психологы С.Ергалиева психологиялық тренингтер өткізді. Мектеп медбикесі Г.Қабден қыз балалармен әңгімелесіп зорлық - зомбылықтан сақтану жолдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Тәрбие ісі орынбасары:

А.Т.Айтмағамбетова